

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.1. - Б.298-300

«АТАМЕКЕН–АГРО-ШУКЫРКОЛЬ» ЖШС-ДЕ АРПА ДАҚЫЛЫНЫҢ ӨСІРІЛУ ЖАҒДАЙЫ

Ғабдолла Қ.М.

Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған «Агробизнес-2020» бағдарламасы еліміздің агроөнеркәсіптік кешені субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және Қазақстанда жалпы ауыл шаруашылығы саласын дамытуға бағытталған. Бағдарламаның бағытында ауыл шаруашылығы дақылдарының мемлекеттік сорттық сынау тиімділігін арттыру жолдары қарастырылған. Агробизнес 2020 бағдарламасында «Ауыл шаруашылығы дақылдарын сорттық сынау жөніндегі мемлекеттік комиссия» Мемлекеттік мекеменің басты міндеті ауыл шаруашылығы дақылдарының шаруашылық құнды белгілері мен қасиеттерінің кешені бойынша ең жақсы сорттарын анықтай отырып, жаңа отандық және шетелдік селекция сорттарының шаруашылық пайдалығына мемлекеттік сынауды және патент қабілеттілігіне сараптаманы ұйымдастыру мен жүргізу болып табылады деп көрсетілген [1].

Арпа (*Hordeum vulgare* L.) нәрлі астық болып табылады, бірақ оны адамдар тағам ретінде өте аз пайдаланылады (шамамен 2%). Дегенмен, ол зерттеушілер мен азық-түлік өнімдерін өндірушілердің назарын соңғы 15 жылда денсаулыққа деген ықтималды пайдалы екендігіне назарын аудартты. оның ықтимал пайда. Ол сондай-ақ функционалдық астық деп танылды, өйткені құрамында β -глюкана және фитохимиялық заттар деңгейі жоғары [2].

Арпа егістігі көлемі бойынша дүниежүзінде бидай, күріш, жүгеріден кейін, төртінші орында, ал біздің елімізде бидайдан кейінгі екінші орында (силосқа егілген жүгеріні есептемегенде). Жаздық дақылдарының ішінде арпа ең жоғары және тұрақты өнім береді.

Арпа астығы халықаралық сауда да сұранысқа ие. Қазақстанның арпа экспортының 70% -дан астамы ТМД елдеріне шығарылады, оның ішінде негізгі және дәстүрлі сатып алушы ел қатарына Ресей жатады. Алыс шетелдерден арпаның барынша үлкен көлемі Сауд Арабиясы мен Иранға сатылады. Алайда Қазақстандық арпаның ТМД елдері арасындағы бәсекелестік қабілеті әзірше төмен деңгейде, бағасы жоғары емес [3].

"Атамекен-Агро" ЖШС 2004 жылы құрылған. Қазіргі уақытта майлы және астық дақылдарын өсірумен қатар, астық дақылдарының жаңа сорттарын игеріп, топырақ құнарлығын сақтау және оған қажетті заттарды тиімді пайдалану мақсатында жоғары техникалық машиналармен жұмыс жасауда. Сонымен қатар жеміс көкөністік бригадалар, картопты күтіп баптау және жинау жұмыстарын жүргізуге арналған Grimme маркалы техникалық машиналар паркімен қамтамасыз етілген. Қазіргі таңда «Атамекен-Агро-

Шукырколь» ЖШС әлемдік деңгейде көрініс тапқан John Deere, Buhler, Case, Morris, Brandt, FlexiCoil секілді техникаларды пайдаланады.

Шаруашылық орналасқан аумақтың климаты шұғыл континенталды, қысы суық, қары аз (20 см), жазы жылы, құрғақ. Қаңтардың орташа температурасы –17-18°C, шілденікі 19-21°C. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері 300 – 350 мм. «Атамекен Агро» метеопунктінің деректері шашын мөлшері шілде айында жауған жауын-шашын мөлшері 127,7 мм құрайды. Ең аз жауын-шашын қыркүйек айында жауады, яғни 11мм шамасында көрсетеді.

Қазақстанда орта есеппен 2005-2009 жж. жыл сайын 1,8 млн. га алқапқа себілсе, оның 60% Солтүстік облыстардың үлесінде (Ақмола, СҚО, Қостанай және Павлодар). Осы жылдары еліміздегі арпа астығының орташа өнімі 12,1 ц/га болды. Алайда бұл дақылдың потенциалды өнімі әлде қайда жоғары және аймақ жағдайында 20-25 ц/га және одан артық [4].

Арпа өндірісінің экономикалық тиімділігінің төмендеуі, баға мен сұраныстың төмендеуінен байланысты, нарықтағы азық-түліктің, егіс алаңдарының көлемі 2008ж. 35 000 га-дан 2010 жылы 3000 га дейін қысқартылды. Бірақ 2011-2012жж. аралығында арпа егіс алаңдарының шағын өсуі байқалды, 9 400 га-дан 15 600 га дейін. Компания Одан әрі арпа өндірісінің оңтайлы деңгейін, болжамды бағалар және осы өнімге деген сұранысқа байланысты бір қалыпты сақтауды жоспарлайды [5].

Әдебиеттер тізімі

1. Электронный ресурс: www.adilet.zan.kz/docs “Агробизнес 2020” бағдарламасы.

2.Sharma P. Barley: Impact of processing on physicochemical and thermal properties—A review / S.L. KotariFood Reviews International // Volume 33. Issue 4. 4 July 2017. - P 359-381

3.Өсімдік шаруашылығы негізінде астықтану /Ә.І. Ізтаев, С.Б. Ермекбаев, /Алматы 2014.-196 бет

4. Қ.К.Әрінов, Қ.М.Мұсынов, А.Қ.Апушев, Н.А.Серекпаев, Н.А.Шестакова, С.С.Арыстанғұлов. Өсімдік шаруашылығы, 2011ж.

5. Электронный ресурс: <http://atameken-agro.com/>

Жетекші: Әрінов Б.К., а.,ш.ғ.к., аға оқытушы